

Қызылорда облысы бойынша  
қазалы аудандық бөлімі  
2021 ж. «21» 01  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА  
ТІРКЕУДЕН БҮКІЗІЛДІ  
Біліс № 070240003766  
Қуаныс 72-1933-03-МҮ  
Алғашқы тіркеу күні 2007-20-02

Қызылорда облысының  
қаржы басқармасының  
2021 жылғы «15» 01  
№255 бұйрығымен бекітілген

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша  
білім бөлімінің №9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын «Облыстық заңды тұлғалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қаңтардағы №180 қаулысына сәйкес қайта аталды.
3. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) атынан Кәсіпорынның құрылтайшысы ретінде әрекет етеді.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган) жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы:
  - мемлекеттік тілде: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
  - орыс тілінде: государственное казенное предприятие «Ясли-детский сад №9 «Балауса» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области».
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, индексі 120402, Майлыбас ауылы, Ақсуат ауылы, Аманкелді батыр көшесі, №21А.

Қызылорда облысы бойынша филиалы  
Қазалы аудандық бөлімі  
Жарғы (оража) ТЕКСЕРІЛДІ

*МҮ*

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын жүзеге асыратын бөбекжай - балабақша түріндегі мектепке дейінгі ұйым болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;

2) Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілетін дамыту,

3) Мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін өзі көрсету қабілетін дамыту;

4) Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

5) Бес (алты) жастағы балаларды мектеп алды даярлаумен қамтамасыз ету;

6) Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау;

7) Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмекті ұйымдастыру.

15. Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

1) Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;

2) Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және қабілетін дамыту мақсатында оңтайлы жағдайлар жасау;

3) Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

Қоғамның Қызылорда  
жекесу ауданына дамуына  
Қазалы аудандық бөлімі

Жарғы (ерекше) ТЕКСЕРІЛДІ

4) Азаматтылықты, Қазақстандық отансүйгіштікті, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйінпеншілікті тәрбиелеу;

5) Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

6) Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының (менгерушісі) жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

19. Құрылтайшы Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;


5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға Кәсіпорынға мүлікті бекітіп беру жөнінде ұсыныс береді;

7) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімге ұсыныс береді;

8) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

9) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.



21. Кәсіпорынның басшысы (менгерушісі) оның органы болып табылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен (менгерушісімен) еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

23. Басшы (менгерушісі) дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

24. Басшы (менгерушісі):

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы жұмыскерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

- қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

- таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілікте болады;

13) жеке және заңды тұлғалардың кәсіпорынға жолдаған өтініштерін тарап, олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

14) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

15) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру аласындағы шараларды іске асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

25. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе

Қоғамның Қызылорда облысы бойынша филиалы  
Жарғы (орже) ТЕКСЕРІЛДІ

налтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша арлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

26. Кәсіпорынның басшысы (менгерушісі) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- 1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
- 2) өзінің құзіретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті заңдарының талаптарын бұзғаны;
- 4) тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау үшін;
- 5) нормативтік құқық актілерінде және еңбек шартының талаптарында өзделген талаптардың өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады.

27. Кәсіпорынды басқару дара басшылық және алқалық басқару заңдарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, басқарушылық кеңестер болып табылады.

#### 5. Кәсіпорынның қызметін ұйымдастыру

28. Мектепке дейінгі ұйымдар:

- 1) өз жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті заңдарының» (бұдан әрі - МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарының» (бұдан әрі – Үлгілік жоспар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) және Үлгілік заңдарламасының толық көлемде іске асырылуын;
- 3) білім беру процесі ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуін.
- 4) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдық медициналық бақылауды, емдеуді және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруды;
- 5) мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітетін он күндік ае мезірін ұйымдастыруды;
- 6) тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру жас ерекшеліктерін, тамақ құрамын, оның жиілігін ескеріп, Қазақстан Республикасы Халқының

Қоғамның Қызылорда облысы бойынша бөлімшесінің басшысының (ерекше) ТЕКСЕРІЛДІ

*[Signature]*

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Жарғыға сәйкес айқындалады;

7) тәрбиеленушілерде соның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыруды;

8) заңнамада белгіленген мерзімде және тәртіпте білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді;

9) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара әрекеттесудің регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

29. Кәсіпорындағы штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

Педагогтердің штат бірлігі және тарифтеу мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.

30. Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам жіберіледі.

31. Кәсіпорынның педагогтері кәсіби қызметті жүзеге асыруда МЖМБС-ның талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың жолдары мен түрлерін дербес таңдайды.

32. Кәсіпорынның педагогтары «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10634 болып тіркелген) жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

33. Кәсіпорын мектепке дейінгі ұйым басшысы белгілеген тәртіппен жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

34. Отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін мектепке дейінгі ұйымдарда консультациялық пункттер құрылады.

35. Кәсіпорынды басқару дара басшылық және алқалық басқару нысандарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

36. Кәсіпорынды тікелей басқаруды басшы (менеджері) жүзеге асырады.

Жарғы (аража) ТЕКСЕРІЛДІ

37. Кәсіпорын мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

38. Білім беру процесінің қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогтер болып табылады.

39. Кәсіпорындағы білім беру процесі МЖМБС негізінде әзірленген Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады.

40. Кәсіпорын тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

## 6. Кәсіпорындағы тәрбиелеу-білім беру процесі

41. Кәсіпорындағы тәрбиелеу – білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ Кәсіпорынның жарғысымен айқындалады.

42. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының толымдылығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы №615 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15893 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

43. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту төмендегідей қарастырылған:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында оқу тәрбиеленушіден артық емес);

2) тәрбие мен оқытудың арнайы оқу бағдарламасы бойынша бұзылыс әрекеттері негізіндегі арнайы топтарда.

Топта ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жинақтау осындай бір тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

44. Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және мынадай тәртіппен қызмет етеді:

- 1) толық күн болу;
- 2) жарты күн болу;
- 3) тәулік бойы болу.

Қоғамның Қызылорда  
облысы бойынша филиалы  
Қазалы аудандық бөлімі

Жарғы (аража) ТЕКСЕРІЛДІ

45. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

46. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылдағанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ тәрбиелеу, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.

47. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

48. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін мынадай кезендер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі;

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан бөлу жылы сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

49. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны:


1) тәрбиеленуші ауырып, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де жағдайларда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған тәрбиеленуші бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 2 айдан артық емес демалысына жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген кезеңде сақталады.

50. Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдардан:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған жағдайда;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

51. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы өлемақы мөлшері:

1) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды; жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша тәрбиеленушілерді тамақтандыруға кететін шығындар жергілікті бюджеттен ішінара немесе толығымен өтеледі.

52. Түрлеріне, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдары, оның ішінде жаңадан құрылғандары, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагогтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

## 7. Кәсіпорынның мүлкі

53. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін кәсіпорынның активтері құрайды.

54. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын жұмыскерлерінің арасында бөлуге болмайды.

55. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай нысандарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де нысандар көздерінің есебінен қалыптастырылады.

56. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен атқарылған қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі ретінде табылатын мүлкі болуы мүмкін.

57. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

58. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алынған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

59. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы оған қатысты

*Сұлтан*

шік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

60. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, қарапайым иеліктен айыруға құқығы жоқ.

61. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және мүлік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 154-бабында көзделген жағдайларда сатылады.

62. Кәсіпорын осы Жарғының 60-тармағында көзделген жағдайларды қарағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті мүліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық қарыз ешекті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мекеме билік етуге уәкілетті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана шығаруға құқылы.

63. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға қатысты пайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## 8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

64. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

65. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды қорғайтын табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

66. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.


67. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен алынған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қарала бастайды. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде есептеп пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## 9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

68. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## 10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

69. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік



заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес болуының басшысы (директоры) бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, ар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өзіндегі өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

### 11. Кәсіпорынның жауапкершілігі

Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, кәсіпорынның қалған мүлігін алып қоюға жол берілмейді.

Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірліктегі тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

### 12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражатымен қаржыландырылатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекіткендей.

### 13. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес болуы тиіс және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес болуы келмеуі тиіс.


Кәсіпорынның жұмыс режимі 5 күндік дүйсенбі-жұма аралығы.

Жұмыс уақыты: 08:00 - 18:30-ға дейін.

Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

### 14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.





Тірілген және нөмірленген

*Бисен*

12

пәзанти

